аудандық қоғамдық- саяси газет
районная общественно - политическая газета

# Алтын астық

19 маусым - июнь 2023 год eginredakciya.kz № 23 (509)

## Салықтарды төлеу міндетті!

Ағымдағы жылы аудан прокуратурасы қадағалау аумағындағы заңдылықты нығайту бойынша белгілі бір жұмыстар атқарды.
Мәселен, мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындардың қызметінде тексерілген талдаумен салық заңнамасын, нақтырақ айтқанда салық есептілігімен түрлі айла-шарғы жасау фактілерін анықталды.
Атап айтқанда, кәсіпорын бұрмаланған мәліметтері бар есептілікті тапсыруы нәтижесінде 4,6 млн.теңге сомасындағы нақты салық берешегі жасырғаны және уәкілетті орган тарапынан оны тиісінше өндіріп алу жөніндегі шаралар қабылданбағаны анықталды.
Прокурорлық қадағалау актісі бойынша салық төлеуші әкімшілік жауапкершілікке тартылып және қазіргі уақытта мемлекеттік бюджетке 1,7 млн.теңге сомасына салық берешегі өндіріліп алынды.
Сондай-ақ, қадағалау шараларымен «Азаматтарға арналған үкімет «мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ қорына жалпы сомасы 1,4 млн.теңгеге ақша қаражатын аудару жолымен кәсіпорынның 30 қызметкерінің конституциялық құқықтары қорғалды.
Сонымен қатар, функционалдық міндеттерін тиісінше орындамағаны үшін уәкілетті органның жауапты лауазымды тұлғалары тәртіптік жауапкершілікке тартылды.
Егіндікөл ауданының прокуратурасы Қазақстан Республикасы Конституциясының нормаларына сәйкес заңды түрде белгіленген салықтарды, алымдарды және өзге де міндетті төлемдерді төлеу әркайсысының борышы мен міндеті болып табылатынын еске салады.

**Егіндікөл ауданының прокуратурасы**

## Уплата налогов - долг и обязанность каждого

В текущем году прокуратурой района проделана определенная работа по укреплению законности на поднадзорной территории.
Так, проверенным анализом в деятельности государственных учреждений и предприятий установлены нарушения налогового законодательства, а именно факты различных манипуляций с отчетностью.
Установлено, что Предприятием в результате сдачи отчетности путем искажения сведений, фактическая налоговая задолженность в сумме 4,6 млн. тенге была укрыта и соответственно меры по ее взысканию со стороны уполномоченного органа не принимались.
По результатам внесенного акта прокурорского надзора налогоплательщик привлечен к административной ответственности и в настоящее время в государственный бюджет уже взыскана налоговая задолжность на сумму 1,7 млн. тенге.
Также мерами надзора защищены конституционные права 30 работников Предприятия путем произведения отчислений денежных средств в фонд НАО «Государственная корпорация «Правительство для граждан» на общую сумму 1,4 млн. тенге.
Более того, за ненадлежащее исполнение функциональных обязанностей ответственные должностные лица уполномоченного органа привлечены к дисциплинарной ответственности.
Прокуратура Егиндыкольского района напоминает, что согласно нормам Конституции Республики Казахстан, уплата законно установленных налогов, сборов и иных обязательных платежей является долгом и обязанностью каждого.

**Прокуратура Егиндыкольского района**

## Құрметті медицина қызметкерлері, денсаулық сақтау саласының ардагерлері!




Бұл кәсіби мерекені күн сайын ең құнды – адамдардың өмірі мен денсаулығын сақтауға көмектесетін барлық адамдардың жауапты, асыл еңбегін тану және Алғыс айту күні деп санауға болады.
Медицинаны өз кәсібі ретінде таңдағандардың барлығына қиын міндет жүктелген – кез-келген қиындықтар мен жағдайларға қарамастан кәсіби міндеттерін орындай отырып, үнемі көмекке келуге дайын болу.
Дені сау ұлт-мемлекеттің әл-ауқаты мен өркендеуінің негізі, осыған байланысты Сіздердің халықтың денсаулығын нығайтуға және сақтауға қосқан үлестеріңізді асыра бағалау мүмкін емес. Қолдау көрсету, құрмет көрсету және ризашылық білдіру – сіздердің қиын, жауапты және асыл еңбектеріңіз үшін біздің алғысымыз. Бірлескен шешімдер мен шаралар қазіргі қиындықтар мен міндеттерді ойдағыдай шешуге мүмкіндік беретініне сенімдімін.
Кәсіби мерекемен шын жүректен құттықтаймын. Сіздерге және отбасыларыңызға жақсылық, денсаулық, шыдамдылық, амандық және барлық мәселелерде сәттілік тілеймін.

**Аудан әкімі Ерлан Мұхамедин**

## Уважаемые медицинские работники, ветераны здравоохранения!

Этот профессиональный праздник по праву можно считать днем признания и благодарности за ответственный, благородный труд всех тех, кто каждый день помогает сохранить самое ценное – жизнь и здоровье людей.
На каждого, кто избрал медицину своим призванием, возложена непростая миссия – постоянно быть готовыми прийти на помощь, следуя своему профессиональному долгу, несмотря на любые трудности и обстоятельства.
Здоровая нация – основа благополучия и процветания государства, в этой связи ваш вклад в укрепление и сохранение здоровья населения невозможно переоценить. Оказание поддержки, уважение и выражение признательности – наша благодарность за ваш нелегкий, ответственный и благородный труд.
Убежден, что совместные решения и меры позволят успешно справиться с нынешними трудностями и поставленными задачами.
Сердечно поздравляю с профессиональным праздником, желаю вам и вашим семьям добра, здоровья, терпения, благополучия и удачи во всех делах.

**Аким района Ерлан Мухамедин**

## Ардақты ақ халатты абзал жандар!

Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз – Медицина қызметкерлері күнімен шын жүректен құттықтаймын!
Барлық уақытта дәрігердің асыл және жоғары дәрежелі маңызды мамандығы қоғамда ерекше құрметке ие. Сіздердің мерекелеріңіз басқа да кәсіби мерекелермен қатар ерекше орын алады. Сіздердің мамандықтарыңыз - жоғары біліктілікті, шексіз мейірімділікті, сезімталдықты талап ететін күнделікті ерлік. Жанқиярлықпен және қажымай жұмыс жасай отырып, адамдағы баға жетпес ең асыл нәрсесі, яғни өмірі мен денсаулығын сақтап қаласыздар.
Сіздерге зор денсаулық, бақыт, шабыт, барлық жоспарларды сәтті жүзеге асыру және жаңа кәсіби жетістіктер тілеймін!

**Құрметпен,**
**Қ. Шынтеміров ,**
**Егіндікөл аудандық мәслихатының төрағасы**

## Уважаемые медицинские работники!




Примите теплые и сердечные поздравления с профессиональным праздником – Днем медицинского работника!
Во все времена благородная и в высшей степени важная профессия врача пользуется особым уважением и почетом в обществе. Ваш праздник в ряду других профессиональных праздников занимает особое место. Ваша профессия — это каждодневный подвиг, требующий высокой компетентности, безграничной доброты, чуткости и милосердия. Самоотверженно и неутомимо работая, вы ежедневно спасаете и дарите людям самое ценное — жизнь.
Крепкого вам здоровья, счастья, вдохновения, успешного осуществления всех планов и новых профессиональных успехов!

**С уважением,**
**К. Шинтемиров**
**председатель Егиндыкольского районного маслихата**

продолжение. начало в №21, 22

| Функционалдық топ | Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі | Бағдарлама | Атауы | мың теңге сома |
|---|---|---|---|---|
| | | | II. Шығындар | 49 860,0 |
| 01 | | | Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер | 18 295,0 |
| | 124 | | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты | 18 295,0 |
| | | 001 | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер | 18 295,0 |
| 07 | | | Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық | 1 676,0 |
| | 124 | | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты | 1 676,0 |
| | | 008 | Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру | 1 676,0 |
| 12 | | | Көлік және коммуникация | 23 230,0 |
| | 124 | | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты | 23 230,0 |
| | | 045 | Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарын күрделі және орташа жөндеу | 23 230,0 |
| 13 | | | Басқалар | 6 659,0 |
| | 123 | | Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты | 6 659,0 |
| | | 040 | Өңірлерді дамытудың 2025 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыруға ауылдық елді мекендерді жайластыруды шешуге арналған іс-шараларды іске асыру | 6 659,0 |
| | | | III. Таза бюджеттік кредиттеу | 0,0 |
| | | | Бюджеттік кредиттер | 0,0 |
| | | | Бюджеттік кредиттерді өтеу | 0,0 |
| | | | IV. Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо | 0,0 |
| | | | Қаржы активтерін сатып алу | 0,0 |
| | | | Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер | 0,0 |
| | | | V. Бюджет тапшылығы (профициті) | 0,0 |
| | | | VI. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) | 0,0 |
| | | | Қарыздар түсімі | 0,0 |
| | | | Қарыздарды өтеу | 0,0 |
| 8 | | | Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары | 0,0 |
| | 01 | | Бюджет қаражаты қалдықтары | 0,0 |
| | | 1 | Бюджет қаражатының бос қалдықтары | 0,0 |

| Функциональная группа | Администратор бюджетных программ | Бюджетная программа | Наименование | тысяч тенге сумма |
|---|---|---|---|---|
| | | | II. Затраты | 49 860,0 |
| 01 | | | Государственные услуги общего характера | 18 295,0 |
| | 124 | | Аппарат акима города районного значения, села, поселка, сельского округа | 18 295,0 |
| | | 001 | Услуги по обеспечению деятельности акима города районного значения, села, поселка, сельского округа | 18 295,0 |
| 07 | | | Жилищно-коммунальное хозяйство | 1 676,0 |
| | 124 | | Аппарат акима города районного значения, села, поселка, сельского округа | 1 676,0 |
| | | 008 | Освещение улиц населенных пунктов | 1 676,0 |
| 12 | | | Транспорт и коммуникации | 23 230,0 |
| | 124 | | Аппарат акима города районного значения, села, поселка, сельского округа | 23 230,0 |
| | | 045 | Капитальный и средний ремонт автомобильных дорог в городах районного значения, селах, поселках, сельских округах | 23 230,0 |
| 13 | | | Прочие | 6 659,0 |
| | 124 | | Аппарат акима города районного значения, села, поселка, сельского округа | 6 659,0 |
| | | 040 | Реализация мероприятий для решения вопросов обустройства населенных пунктов в реализацию мер по содействию экономическому развитию регионов в рамках Государственной программы развития регионов до 2025 года | 6 659,0 |
| | | | III. Чистое бюджетное кредитование | 0,0 |
| | | | Бюджетные кредиты | 0,0 |
| | | | Погашение бюджетных кредитов | 0,0 |
| | | | IV. Сальдо по операциям с финансовыми активами | 0,0 |
| | | | Приобретение финансовых активов | 0,0 |
| | | | Поступления от продажи финансовых активов государства | 0,0 |
| | | | V. Дефицит (профицит) бюджета | 0,0 |
| | | | VI. Финансирование дефицита (использование профицита) бюджета | 0,0 |
| | | | Поступления займов | 0,0 |
| | | | Погашение займов | 0,0 |
| 8 | | | Используемые остатки бюджетных средств | 0,0 |
| | 01 | | Остатки бюджетных средств | 0,0 |
| | | 1 | Свободные остатки бюджетных средств | 0,0 |

Егіндікөл аудандық мәслихатының
2023 жылғы 29 мамырдағы № 8С5-2
шешіміне 8 қосымша

Егіндікөл аудандық мәслихатының
2022 жылғы 23 желтоқсандағы № 7С31-2
шешіміне 22 қосымша

Приложение 8
к решению Егиндыкольского районного
маслихата от 29 мая 2023 года № 8С5-2
Приложение 22
к решению Егиндыкольского районного
маслихата от 23 декабря 2022
года № 7С31-2

Ұзынкөл ауылдық округінің 2023 жылға арналған бюджеті

| Санаты | Сыныбы | Кіші сыныбы | Атауы | мың теңге сома |
|---|---|---|---|---|
| | | | I. Кірістер | 216 207,7 |
| 1 | | | Салықтық түсімдер | 2 730,0 |
| | 01 | | Табыс салығы | 350,0 |
| | | 2 | Жеке табыс салығы | 350,0 |
| | 04 | | Меншікке салынатын салықтар | 2 070,0 |
| | | 1 | Мүлікке салынатын салықтар | 270,0 |
| | | 3 | Жер салығы | 200,0 |
| | | 4 | Көлік құралдарына салынатын салық | 1 600,0 |
| | 05 | | Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар | 310,0 |
| | | 3 | Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер | 310,0 |
| 4 | | | Трансферттер түсімі | 213 477,7 |
| | 02 | | Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер | 213 477,7 |
| | | 3 | Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер | 213 477,7 |

Бюджет Узынкольского сельского округа на 2023 год

| Категория | Класс | Подкласс | Наименование | тысяч тенге сумма |
|---|---|---|---|---|
| | | | I. Доходы | 216 207,7 |
| 1 | | | Налоговые поступления | 2 730,0 |
| | 01 | | Подоходный налог | 350,0 |
| | | 2 | Индивидуальный подоходный налог | 350,0 |
| | 04 | | Налоги на собственность | 2 070,0 |
| | | 1 | Налоги на имущество | 270,0 |
| | | 3 | Земельный налог | 200,0 |
| | | 4 | Налог на транспортные средства | 1 600,0 |
| | 05 | | Внутренние налоги на товары, работы и услуги | 310,0 |
| | | 3 | Поступления за использование природных и других ресурсов | 310,0 |
| 4 | | | Поступления трансфертов | 213 477,7 |
| | 02 | | Трансферты из вышестоящих органов государственного управления | 213 477,7 |
| | | 3 | Трансферты из районного (города областного значения) бюджета | 213 477,7 |

| Функционалдық топ | Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі | Бағдарлама | Атауы | мың теңге сома |
|---|---|---|---|---|
| | | | II. Шығындар | 216 207,7 |
| 01 | | | Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер | 16 489,7 |
| | 124 | | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты | 16 489,7 |
| | | 001 | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер | 16 489,7 |
| 06 | | | Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру | 617,0 |
| | 124 | | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты | 617,0 |
| | | 003 | Мұқтаж азаматтарға үйінде әлеуметтік көмек көрсету | 617,0 |
| 07 | | | Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық | 9 710,0 |
| | 124 | | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты | 9 710,0 |

| Функциональная группа | Администратор бюджетных программ | Бюджетная программа | Наименование | тысяч тенге сумма |
|---|---|---|---|---|
| | | | II. Затраты | 216 207,7 |
| 01 | | | Государственные услуги общего характера | 16 489,7 |
| | 124 | | Аппарат акима города районного значения, села, поселка, сельского округа | 16 489,7 |
| | | 001 | Услуги по обеспечению деятельности акима города районного значения, села, поселка, сельского округа | 16 489,7 |
| 06 | | | Социальная помощь и социальное обеспечение | 617,0 |
| | 124 | | Аппарат акима города районного значения, села, поселка, сельского округа | 617,0 |
| | | 003 | Оказание социальной помощи нуждающимся гражданам на дому | 617,0 |
| 07 | | | Жилищно-коммунальное хозяйство | 9 710,0 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | 008 | Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру | 1 710,0 |
| | | 011 | Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру | 8 000,0 |
| 12 | | | Көлік және коммуникация | 149 474,0 |
| | 124 | | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты | 149 474,0 |
| | | 013 | Аудандық маңызы бар қалаларда, кенттерде, ауылдарда, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету | 704,0 |
| | | 045 | Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарын күрделі және орташа жөндеу | 148 770,0 |
| 13 | | | Басқалар | 39 917,0 |
| | 124 | | Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты | 39 917,0 |
| | | 040 | Өңірлерді дамытудың 2025 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыруға ауылдық елді мекендерді жайластыруды шешуге арналған іс-шараларды іске асыру | 39 917,0 |
| | | | III. Таза бюджеттік кредиттеу | 0,0 |
| | | | Бюджеттік кредиттер | 0,0 |
| | | | Бюджеттік кредиттерді өтеу | 0,0 |
| | | | IV. Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо | 0,0 |
| | | | Қаржы активтерін сатып алу | 0,0 |
| | | | Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер | 0,0 |
| | | | V. Бюджет тапшылығы (профициті) | 0,0 |
| | | | VI. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) | 0,0 |
| | | | Қарыздар түсімі | 0,0 |
| | | | Қарыздарды өтеу | 0,0 |
| 8 | | | Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары | 0,0 |
| | 01 | | Бюджет қаражаты қалдықтары | 0,0 |
| | | 1 | Бюджет қаражатының бос қалдықтары | 0,0 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | 124 | | Аппарат акима города районного значения, села, поселка, сельского округа | 9 710,0 |
| | | 008 | Освещение улиц населенных пунктов | 1 710,0 |
| | | 011 | Благоустройство и озеленение населенных пунктов | 8 000,0 |
| 12 | | | Транспорт и коммуникации | 149 474,0 |
| | 124 | | Аппарат акима города районного значения, села, поселка, сельского округа | 149 474,0 |
| | | 013 | Обеспечение функционирования автомобильных дорог в городах районного значения, селах, поселках, сельских округах | 704,0 |
| | | 045 | Капитальный и средний ремонт автомобильных дорог в городах районного значения, селах, поселках, сельских округах | 148 770,0 |
| 13 | | | Прочие | 39 917,0 |
| | 124 | | Аппарат акима города районного значения, села, поселка, сельского округа | 39 917,0 |
| | | 040 | Реализация мероприятий для решения вопросов обустройства населенных пунктов в реализацию мер по содействию экономическому развитию регионов в рамках Государственной программы развития регионов до 2025 года | 39 917,0 |
| | | | III. Чистое бюджетное кредитование | 0,0 |
| | | | Бюджетные кредиты | 0,0 |
| | | | Погашение бюджетных кредитов | 0,0 |
| | | | IV. Сальдо по операциям с финансовыми активами | 0,0 |
| | | | Приобретение финансовых активов | 0,0 |
| | | | Поступления от продажи финансовых активов государства | 0,0 |
| | | | V. Дефицит (профицит) бюджета | 0,0 |
| | | | VI. Финансирование дефицита (использование профицита) бюджета | 0,0 |
| | | | Поступления займов | 0,0 |
| | | | Погашение займов | 0,0 |
| 8 | | | Используемые остатки бюджетных средств | 0,0 |
| | 01 | | Остатки бюджетных средств | 0,0 |
| | | 1 | Свободные остатки бюджетных средств | 0,0 |

Егіндікөл аудандық мәслихатының
2023 жылғы 29 мамырдағы № 8С5-2
шешіміне 9 қосымша

Егіндікөл аудандық мәслихатының
2022 жылғы 23 желтоқсандағы № 7С31-2
шешіміне 28 қосымша

2023 жылға арналған жоғары тұрған бюджеттерден нысаналы трансферттер

| Атауы | Сома, мың теңге |
|---|---|
| Барлығы | 656 467,2 |
| Облыстық бюджеттің нысаналы ағымдағы трансферттері | 611 156,6 |
| оның ішінде: | |
| Спиридоновка ауылының бюджеті | 112 652,0 |
| Автомобиль жолдарын жөндеуге | 102 317,0 |
| Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылыққа | 10 335,0 |
| Қоржынкөл ауылының бюджеті | 156 496,6 |
| Автомобиль жолдарын жөндеуге | 83 338,0 |
| «Ауыл-Ел бесігі» жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым бойынша іс-шараларды іске асыруға | 73 158,6 |
| Егіндікөл ауылының бюджеті | 115 432,0 |
| Автомобиль жолдарын жөндеуге | 92 345,0 |
| Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылыққа | 23 087,0 |
| Алакөл ауылдық округінің бюджеті | 29 889,0 |
| Автомобиль жолдарын жөндеуге | 23 230,0 |
| Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылыққа | 6 659,0 |
| Ұзынкөл ауылдық округінің бюджеті | 196 687,0 |
| Автомобиль жолдарын жөндеуге | 148 770,0 |
| Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылыққа | 47 917,0 |
| Аудандық бюджеттің нысаналы ағымдағы трансферттері | 48 267,1 |
| оның ішінде: | |
| Абай ауылының бюджеті | 5 010,0 |
| Қосымша ақшалай төлемдерге | 588,0 |
| Ауыл әкімінің қызметін қамтамасыз етуге | 4 422,0 |
| Спиридоновка ауылының бюджеті | 3 166,2 |
| Қосымша ақшалай төлемдерге | 1 092,2 |
| Ауыл әкімінің қызметін қамтамасыз етуге | 1 851,0 |
| Мұқтаж азаматтарға үйінде әлеуметтік көмек көрсетуге | 223,0 |
| Қоржынкөл ауылының бюджеті | 754,0 |
| Қосымша ақшалай төлемдерге | 754,0 |
| Бауман ауылының бюджеті | 2 162,0 |
| Қосымша ақшалай төлемдерге | 905,0 |
| Мұқтаж азаматтарға үйінде әлеуметтік көмек көрсетуге | 1 257,0 |
| Егіндікөл ауылының бюджеті | 33 993,2 |
| Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылыққа | 30 984,2 |
| Қосымша ақшалай төлемдерге | 1 170,0 |
| Мұқтаж азаматтарға үйінде әлеуметтік көмек көрсетуге | 1 839,0 |
| Буревестник ауылының бюджеті | 592,0 |
| Қосымша ақшалай төлемдерге | 592,0 |
| Алакөл ауылдық округінің бюджеті | 1 223,0 |
| Қосымша ақшалай төлемдерге | 1 052,0 |
| Ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз етуге | 171,0 |
| Ұзынкөл ауылдық округінің бюджеті | 1 366,7 |
| Қосымша ақшалай төлемдерге | 1 179,7 |
| Мұқтаж азаматтарға үйінде әлеуметтік көмек көрсетуге | 187,0 |

Приложение 9
к решению Егиндыкольского районного
маслихата от 29 мая 2023 года № 8С5-2
Приложение 28
к решению Егиндыкольского районного
маслихата от 23 декабря 2022 года № 7С31-2

Целевые трансферты из вышестоящих бюджетов на 2023 год

| Наименование | Сумма, тысяч тенге |
|---|---|
| Всего | 656 467,2 |
| Целевые текущие трансферты из областного бюджета | 611 156,6 |
| в том числе: | |
| Бюджет села Спиридоновка | 112 652,0 |
| На ремонт автомобильных дорог | 102 317,0 |
| На жилищно-коммунальное хозяйство | 10 335,0 |
| Бюджет села Коржинколь | 156 496,6 |
| На ремонт автомобильных дорог | 83 338,0 |
| На реализацию мероприятий по социальной и инженерной инфраструктуре в сельских населенных пунктах в рамках проекта «Ауыл-Ел бесігі» | 73 158,6 |
| Бюджет села Егиндыколь | 115 432,0 |
| На ремонт автомобильных дорог | 92 345,0 |
| На жилищно-коммунальное хозяйство | 23 087,0 |
| Бюджет Алакольского сельского округа | 29 889,0 |
| На ремонт автомобильных дорог | 23 230,0 |
| На жилищно-коммунальное хозяйство | 6 659,0 |
| Бюджет Узынкольского сельского округа | 196 687,0 |
| На ремонт автомобильных дорог | 148 770,0 |
| На жилищно-коммунальное хозяйство | 47 917,0 |
| Целевые текущие трансферты из районного бюджета | 48 267,1 |
| в том числе: | |
| Бюджет села Абай | 5 010,0 |
| На дополнительные денежные выплаты | 588,0 |
| На обеспечение деятельности акима села | 4 422,0 |
| Бюджет села Спиридоновка | 3 166,2 |
| На дополнительные денежные выплаты | 1 092,2 |
| На обеспечение деятельности акима села | 1 851,0 |
| На оказание социальной помощи нуждающимся гражданам на дому | 223,0 |
| Бюджет села Коржинколь | 754,0 |
| На дополнительные денежные выплаты | 754,0 |
| Бюджет села Бауманское | 2 162,0 |
| На дополнительные денежные выплаты | 905,0 |
| На оказание социальной помощи нуждающимся гражданам на дому | 1 257,0 |
| Бюджет села Егиндыколь | 33 993,2 |
| На жилищно-коммунальное хозяйство | 30 984,2 |
| На дополнительные денежные выплаты | 1 170,0 |
| На оказание социальной помощи нуждающимся гражданам на дому | 1 839,0 |
| Бюджет села Буревестник | 592,0 |
| На дополнительные денежные выплаты | 592,0 |
| Бюджет Алакольского сельского округа | 1 223,0 |
| На дополнительные денежные выплаты | 1 052,0 |
| На обеспечение деятельности акима сельского сельского округа | 171,0 |
| Бюджет Узынкольского сельского округа | 1 366,7 |
| На дополнительные денежные выплаты | 1 179,7 |
| На оказание социальной помощи нуждающимся гражданам на дому | 187,0 |

## Әділетті Қазақстан - Адал азамат

Түркістанда Мемлекет басшысының қатысуымен Ұлттық құрылтай басталды

Түркістанда Мемлекет басшысының қатысуымен Ұлттық құрылтай басталды

ТҮРКІСТАН. ҚазАқпарат – Түркістанда Президенттің қатысуымен Ұлттық құрылтай басталды, деп хабарлайды ҚазАқпарат тілшісі.

Президент жанынан құрылған Ұлттық құрылтайдың екінші отырысы Түркі халықтарының түпкі тері Түркістан қаласында өтіп жатыр. Алқалы жиынға қоғам қайраткерлері, Парламент депутаттары, қоғамдық кеңес мүшелері, БАҚ басшылары және сарапшылар қатысып жатыр. Айта кетейік, кешегі күні Ұлттық құрылтайдың екінші отырысы аясында жұмыс секцияларының отырысы өткен болатын. Онда «Қоғамдық консолидация», «Мәдениет. Өнер. Руханият», «Білім және ғылым» жұмыс секциясына бөлінген сала мамандары ел ішіндегі мәселелерді көтеріп, шешу жолдарын ұсынды. Жұмыс секциясы отырыстарының қорытындысы бойынша, Ұлттық құрылтай мүшелерінің ұсынысын мемлекеттік органдармен бірлесіп іске асыру жөніндегі іс-шаралардың арнайы жоспары әзірленетін болады. Еске салайық, Ұлттық құрылтайдың алғашқы отырысы былтыр 16 маусымда Ұлытау облысында өткен болатын. Алқалы жиында сөз сөйлеген Мемлекет басшысы келесі басқосуды киелі Түркістанда өткізуді ұсынған еді.

**Бүгін Қ.Тоқаев Түркістанға жұмыс сапарымен ұшып барды.**

Әділетті Қазақстанды құру министрлер мен әкімдердің ғана міндеті емес – Тоқаев

ҚазАқпарат – Түпкі мақсатымызға жету үшін саяси-экономикалық реформа жасау жеткіліксіз. Бұл туралы Түркістанда өтіп жатқан Ұлттық құрылтайда Президент Қасым-Жомарт Тоқаев мәлім етті, деп хабарлайды ҚазАқпарат тілшісі.

«Қазақстан – осы геосаяси аймақта саяси жүйесін қысқа мерзім ішінде түбегейлі өзгерткен бірден-бір мемлекет. Тың өзгерістердің арқасында саяси реформалардың Қазақстанға ғана тән ерекше үлгісі қалыптасты. Келешекте де оның мән-маңызы арта бермек. Алайда, қолда бар жетістікке тоқмейілсіп отыруға болмайды. Алда ұзақ жол, ауқымды жұмыс бар. Жалпы, Әділетті Қазақстанды құру министрлер мен әкімдердің ғана міндеті емес.




Оған бүкіл қоғам болып жұмылуымыз керек. Ал, түпкі мақсатымызға жету үшін саяси-экономикалық реформа жасау жеткіліксіз», - деп тоқталды Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент Әділетті Қазақстанды құру үшін ең бастысы әр азаматтың сана-сезіміне серпіліс жасау керектігін баса айтты.

«Ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажет. Халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс. Әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер. Бір сөзбен айтсақ, пиғыл өзгермесе, ештеңе де өзгермейді», - деді Президент.

Еске салай кетейік, бүгін Түркістанда Мемлекет басшысының қатысуымен Ұлттық құрылтайдың екінші отырысы өтіп жатыр.




Биылғы құрылтайдың сипаты – өзгеше, мазмұны да – ауқымды

ҚазАқпарат – Қазақтың бірлігі мен тұтастығының ордасы болған киелі Түркістан болашақта да осы мәртебелі миссиясын атқара береді. Бұл туралы Түркістанда өтіп жатқан Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты екінші отырысында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев айтты, деп хабарлайды ҚазАқпарат тілшісі.

«Түркістан ғасырлар бойы қазақ халқының маңызды саяси орталығы болып келді. Қазақ мемлекетінің бас қаласы ретінде тарихқа алтын әріппен жазылды. Көптеген хандарымыз осы жерге ордасын тігіп, ұлан-ғайыр далаға билігін жүргізген. Қара қылды қақ жарған билеріміз түрлі дау-шарға төрелік айтқан. Ел-жұртын береке-бірлікке шақырған. Мұның бәрі еліміздің ерте заманнан бері бір орталықтан басқарылған біртұтас мемлекет болғанын көрсетеді. Сондай-ақ, қазақ мемлекеттілігінің тамыры тым тереңде жатқанын білдіреді», - деді Мемлекет басшысы. Президент Ұлы Дала төрінде Жошы хан әулеті Кенесары ханға дейін 6 ғасырдан астам уақыт ел басқарғанын атап өтті.

«Тіпті, әлем тарихында мұндай мысалдар көп емес. Біз қазір бабаларымыз кеңес құрған әйгілі Күлтөбенің іргесінде отырмыз. Әбіш Кекілбаев «Қазақ рухының қағбасы» деп атаған Ордабасы осы жерге тиіп тұр. Осынау әйгілі төбелерде халқымыздың игі жақсылары сан рет бас қосқан. Ұлт тағдыры сынға түскен сәттерде бәрі ақылдасып, елдің болашағын айқындаған. Қалың жұрт салиқалы сөзге тоқтап, ел бастаған ерлеріне көш тізгінін ұстатқан. Бір ел, бір халық болып, сыртқы қатерге қарсы тұрған. Қазақтың бірлігі мен тұтастығының ордасы болған киелі Түркістан болашақта да осы мәртебелі миссиясын атқара береді», - деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы сондықтанда осы аймақты басқарып отырған басшыларға зор жауапкершілік жүктелетіндігін баса айтты.

«Қанша дәуір өтсе де, ұрпақтар сабақтастығы үзілмейді. Биылғы құрылтайдың сипаты – өзгеше, мазмұны да – ауқымды. Кешеден бері бірнеше тақырып бойынша жан-жақты, қызу талқылау болды. Құрылтайға қатысушылар Үкімет мүшелерімен пікір алмасты, ойларын ортаға салды. Тың бастамалар көтерді. Президент Әкімшілігі соның бәрін мұқият зерделейді. Ортақ бір тұжырымды әзірлейді. Салмақты ұсыныстар алдағы жұмыс кезінде міндетті түрде ескеріледі. Пікірталасқа белсене қатысқан барша азаматтарға ризашылығымды білдіремін», - деді Президент.

Мемлекет басшысы: Қазақстан бір жыл бұрынғы қалпынан айтарлықтай өзгерді

ҚазАқпарат – Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Түркістанда өтіп жатқан Ұлттық құрылтайдың негізгі отырысында елдегі рфеормалардың бағдары өзгермейтінін атап өтті, деп хабарлайды ҚазАқпарат тілшісі.

«Бірінші құрылтай Жалпыұлттық референдумнан кейін шақырылды. Содан бері, міне, бір жыл өтті. Бұл Әділетті Қазақстанды құру жолында айрықша маңызы бар тарихи кезең болды. Біз Ата заңымызға әділдік рухын сіңіре отырып, конституциялық реформа жасадық. Бұл өзгерістер мемлекеттігіміздің тұғырын бекіте түсті. Сонымен қатар, еліміздің ұзақ мерзімге арналған демократиялық бағдарын айқындап берді. Биліктің басты институттары қысқа мерзім ішінде мүлде басқаша сипатқа ие болды. Шешім қабылдау үдерісіне азаматтардың қатысу мүмкіндігі едәуір кеңейді. Адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау жүйесі нығайды. Осының бәрі еліміздің саяси құрылымын орнықты және тиімді етіп қайта құруға септігін тигізді. Барынша әділ, ашық әрі бәсекеге лайық жүйе қалыптасты. Кейбір адамдар реформалардың табысты боларына күмәнмен қараған еді. Бірақ, біздің бағдарымыз өзгерген жоқ. Ауқымды саяси жаңғыру жоспарын рет-ретімен жүзеге асырдық», - деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев еліміз 2-3 жыл бұрынғы қалпынан айтарлықтай өзгергенін еске салды.

«Бәріміз бір ел болып орасан зор жұмыс атқардық. Қазақстан осыдан 2-3 жыл бұрынғы, тіпті, бір жыл бұрынғы қалпынан айтарлықтай өзгерді. Біз аз уақытта зор серпіліс жасадық. Бұған ынтымақ-бірліктің және сындарлы қоғамдық диалогтың арқасында қол жеткіздік», - деді Мемлекет басшысы.

Айта кетейік, биыл Түркістанда өтіп жатқан ұлттық құрылтайдың негізгі отырысына Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қатысуда.

Құрылтай жұмыс секцияларының отырысы кеше басталып кеткен еді.




Ұлттық құрылтайдың алғашқы отырысы былтыр 16 маусымда Ұлытау облысында өткен болатын. Сол кезде Президент келесі басқосуды киелі Түркістанда өткізуді ұсынған.

Қасым-Жомарт Тоқаев: Түсініксіз идеяны халық қабылдамайды

ҚазАқпарат – Түркістанда өтіп жатқан Ұлттық құрылтайдың негізгі отырысында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев кез келген тұжырымдама мен доктринаның халыққа түсінікті болуы маңызды екенін айтты, деп хабарлайды ҚазАқпарат тілшісі.

«Кез келген тұжырымдама немесе доктрина қарапайым әрі түсінікті болуы керек. Әйтпесе, бәрі жасанды болып шығады. Ондай идеяны халық қабылдамайды. Өміршең, келешегі зор идеологиялар мемлекет пен қоғамның ортақ ізденісінің арқасында ғана пайда болады. Біз дәстүрлі құндылықтарымызды қазіргі мәдени үрдістермен үйлестіруіміз керек», - деді




Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев қазақстандық жастарды мақтан тұтатынын атап өтті.

«Елімізде отаншыл, жасампаз, батыл, дарынды, білімді, озық әрі еңбекқор жандар өте көп. Мен осындай азаматтарды көргенде болашағымыздың жарқын боларына зор сеніммен қараймын. Тәуелсіз Қазақстанда рухы азат, көзі ашық, көкірегі ояу ұрпақ өсіп келеді. Олар ғылым-білім, музыка, кино, спорт және басқа да салаларда табысқа жетіп, бүкіл әлемге танымал бола бастады. Жастарымыз туған жердің қайталанбас ерекшелігін және туған елдің бірегей болмысын жер жүзіне танытып жүр», - деді Президент.

Қазақстан Президенті: Мемлекеттік нышандарды жетілдіру қажет

ҚазАқпарат – Мемлекеттік нышандарды жетілдіру қажет. Бұл туралы Түркістанда өтіп жатқан Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты екінші отырысында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев айтты, деп хабарлайды ҚазАқпарат тілшісі.

«Бірінші мәселе. Мемлекеттік нышандарды жетілдіру қажет. Қазір кез келген елдің ықпалды болуына ұлттық брендтің әсері мол. Сондықтан, оның танымалдығын арттыра түсу керек. Ол үшін бірыңғай дизайн-кодты, ортақ стандартты сақтау өте маңызды. Нышандарымыз бірегей ұлттық кодымызды нақты әрі айқын көрсетуі



керек. Мен жақында Ассамблея сессиясында еліміздің Геральдика белгілерін жетілдіру қажеттігі туралы айттым. Алдымен аймақтардың және қалалардың таңбасын бірыңғай үлгіге келтіру керек деп санаймын», - деді Президент.

Мемлекет басшысы қазір олардың көбінің мазмұны және пішіні әркелкі екендігіне назар аудартты.

«Соған байланысты қоғамда жиі сын да айтылады. Бұл салаға мұқият талдау жасап, ортақ ұстанымдар әзірлеу қажет. Аймақтық нышандарды әзірлеу және бекіту тәртібін барлық өңірге бірдей етіп, ретке келтірген жөн», - деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент: Жастарымыз көп сөзге құмар, жағымпаз әрі масыл болмауы тиіс

ҚазАқпарат – Қазақтың қонақжайлығы – жақсы қасиет. Бірақ, үйдің іші-сыртын қонақ келгенде ғана ретке келтіру дұрыс емес. Түркістанда өтіп жатқан Ұлттық құрылтайда Президент Қасым-Жомарт Тоқаев осылай мәлім етті, деп хабарлайды ҚазАқпарат тілшісі.

«Жас ұрпақ тарих тағылымын және елдің жарқын болашаққа ұмтылысын бір арнаға тоғыстырып жатыр. Осылайша, олар ұлттың рухын жаңғыртуда. Осы серпілістің қарқынын сақтай отырып, оны күшейте түсу – мемлекеттің міндеті. Бұл міндетті абыроймен атқарсақ, қазақтың ренессанс дәуірі, яғни түбегейлі өзгерістер заманы келеді», - деді Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент атап өткендей, жастарға құндылықтарды дәріптеу ісінде аға буынның алар орны айрықша.




«Біз, аға буын өкілдері, еңбекқорлық, іскерлік сияқты құндылықтарды өзіміз үлгі көрсету арқылы дәріптеуіміз керек. Жастарымыз көп сөзге құмар, жағымпаз, жалқау, енжар, масыл болмауға тиіс. Оларды осындай теріс әдеттерден қашық болуға үйретуіміз керек. Біздің қоғам өзгерісті біреуден мадақ есту үшін емес, ең алдымен, өзі үшін жасауға тиіс. Мұны елдің ертеңі, ұрпақтың болашағы жарқын болуы үшін қолға алуымыз керек.

Ашығын айтсақ, біз кейде өз өмірімізден гөрі жұрттың пікіріне көбірек мән береміз. Тіпті, бұл әдет қанымызға сіңген деуге болады. Әрине, қазақтың қонақжайлығы – жақсы қасиет. Бірақ, үйдің іші-сыртын қонақ келгенде ғана ретке келтіру дұрыс емес», - деп мәлім етті Қасым-Жомарт Тоқаев.

Еске сала кетейік, бүгін Түркістанда Мемлекет басшысының қатысуымен Ұлттық құрылтайдың екінші отырысы өтіп жатыр.




Әділетті Қазақстанды адал азаматтар құрады – Мемлекет басшысы

ҚазАқпарат – Әр салада адалдық басты орында тұрса, әділ қоғам орнайды. Түркістанда өтіп жатқан Ұлттық құрылтайдың негізгі отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев осындай пайым айтты, деп хабарлайды ҚазАқпарат тілшісі.

«Шын мәнінде, біз айтып жүрген Әділетті Қазақстанды Адал азаматтар құрады. Бұл – бір-бірімен өте тығыз байланысты ұғымдар. Отанға, отбасына адалдық – парасаттылық пен адамгершіліктің белгісі. Адал еңбек етіп, адал табыс тапқан адам жетістікке жетеді, құрметке ие болады. Ұлы Абай «Адал еңбекпен мал іздемек – арлы адамның ісі» деген. Ал, арлы адам әділетсіздік жасамайды. Әр салада адалдық басты орында тұрса, әділ қоғам орнайды. Жемқорлыққа жол берілмейді, ел мүддесіне сай шешім қабылданады», - деді Мемлекет басшысы.

Сондай-ақ Президент адал ұрпақ тәрбиелеудің маңызына тоқталды.

«Бір сөзбен айтсақ, қоғамдағы ізгіліктің бәрі адалдықтан бастау алады. Ендеше, Әділетті Қазақстан және Адал азамат ұғымдары ел тірегі болатын егіз құндылық ретінде әрдайым қатар тұруға тиіс. Әділетті Қазақстанды құру үшін әрбір отандасымыз Адал азамат болуға ұмтылуы қажет. Сонымен бірге, жас ұрпақты Адал азамат етіп тәрбиелеуіміз керек. Ұлттық бірегейлігімізді нығайтып, еліміздің жаңа құндылықтарын орнықтыру үшін жүйелі жұмыс жасалуға тиіс», - деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

## Көрнекі ақпарат: Занда оң өзгерістер бар

Ең басты өзгеріс, бұған дейін заң міндетті түрде қазақшасымен қатар орыс тілінде болуын міндеттейтін. Ал ендігі жерде мемлекеттік емес ұйымдарға, атап айтсақ, кәсіпкерлік субъектілеріне бланкілерін, маңдайшаларын тек мемлекеттік тілде, қажет болған жағдайда орыс және (немесе) басқа да тілдерде орналастыруға таңдау құқығы берілген. Енді заңға енгізілген өзгерістерге жеке-жеке тоқталып, жаңа тұстарына түсінік бере кетейін.

